

DEXP

Пайдаланушының нұсқаулығы

**Безмен
DEXP BM-10**

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға арнап қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының мақсаты

Электронды безмен — бұл салмақты өлшеуге арналған қол құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының жұмысы барысында іркілістер анықталған жағдайларда қуаттау элементін айырбастап көріңіз. Егер проблема шешілмесе, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
2. Батареяның қуаты сарқылуға жақын қалғанда, дисплейде ескертіп тұратын белгіні байқайсыз. Осыдан кейін қуаттау элементін айырбастау қажет болады.
3. Құрылғыны сәл дымқыл шүберекпен тазалау керек.
4. Құрылғыны тазалау үшін бензинді және басқа да агрессивті заттарды қолдануға болмайды. Құрылғыны судың әсерінен және тікелей түсетін күннің сәулелерінен қорғаңыз.
5. Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуаттау элементі тотықпауы үшін оларды алып тастаңыз (өйткені бұл құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін).
6. Құрылғы салмағы рұқсат етілген максималды шекті мөлшерден асатын өнімді өлшеу нәтижесінде зақымдалуы мүмкін. Таразы рұқсат етілген максималды шекті мөлшерден 5% астам асыра жүктелген жағдайда экранда «EEEE» белгісі жанып тұратын болады. Өлшеуді ісін дереу тоқтатыңыз.
7. Құрылғыны құрғақ жерде сақтау керек.

Құрылғының сұлбасы




1. Қуаттау батырмасы.
2. СК дисплей.
3. Батареяға арналған бөлімшенің қақпағы.
4. Батареяға арналған бөлімше.
5. Бекітпе.
6. Жүкті бекітуге арналған таспа.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: BM-10.
- Максималды жүк: 50 кг / 110 lb.
- Өлшемдеу дәлдігі: 0,05 кг / 0,5 lb.
- Автоматты өшіру және мәндерді автоматты жою.
- Артық жүктеменің және батареяның азайғанын білдіретін индикация.
- Қуаттау элементі: CR2032 типтес 1 x 3 В литийлі батарея.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Батареяны таразының астыңғы бөлігіндегі тиісті бөлімшеге салып орнатыңыз.
2. Таспаны өлшенетін жүктің тұтқасы арқылы өткізіңіз де, суретте көрсетілгендей бекітпесін орнатыңыз.
3. Қуаттау батырмасын басыңыз. Дисплейде килограмм түріндегі 0.00 салмағы жазылып тұрады.
4. Жүкті көтеріңіз де өлшеу нәтижесіне қараңыз.
5. Өлшем бірліктерін ауыстыру үшін таразыны іске қосқаннан кейін бірден қуаттау батырмасын басыңыз.
6. Құрылғыны өшіру үшін қуаттау батырмасын басып 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.



Ыдысты өтемдеу функциясы

Бірінші тәсіл

Құрылғыны іске қосыңыз және ыдысты іліңіз, дисплейде ыдыстың салмағы көрсетіледі, қуаттау батырмасын жылдам басқаннан кейін дисплейде 0.00 салмағы көрсетіледі. Осыдан кейін ыдыстағы жүкті бірге өлшемдей беруге болады.

Екінші тәсіл

Ыдысты іліңіз де, сосын құрылғыны іске қосыңыз, дисплейде 0.00 салмағы көрсетіледі. Осыдан кейін ыдыстағы жүкті бірге өлшемдей беруге болады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғы жиынтығына кіретін батареялардың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Құрылғылар мен батареяларды кәдеге жарату қалдықтардың ақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға ықтимал зиян келтірудің алдын алу үшін қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Путянь Информэйшн Индастри Ко., Лтд. Синьян тас жоля, 2, өнеркәсіптік даму аймағы, Дитан, Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club